

**№8 Т.Бегманова атындағы жалпы білім беретін КММ кітапханасының  
2024-2025 оқы жылындағы «Оқуға күштар мектеп» жобасы аясында  
атқарылған мәдени көпшілік іс-шаралар есебі**

Мектеп кітапханасында 2024-2025 оқы жылында жүзеге асырылған «Балалар кітапханасы» жобасы өз мақсатына сай табысты жүзеге асырылды. Жобаның негізгі мақсаты- бастауыш және орта буын оқушыларының кітапқа деген қызығушылығын арттыру, оқу сауаттылығын дамыту және оқырман мәдениетін қалыптастыру болды. Жыл бойында жоспарға сай балаларға арналған түрлі мазмұндағы іс-шаралар ұйымдастырылды: Кітап оқу сағаттары, әдебиеттермен кездесу кештері, көрмелер мен тақырыптық бұрыштар, кітап алмасу акциялары т.б, нәтижесінде оқушылардың кітапханаға келу көрсеткіші артты, белсенді оқырмандар саны көбейді.

Тамыз айында жылдық жоспар және "Оқуға күштар мектеп" жобасы аясында «Кел, балалар, оқылық» үйірмесінің жоспары әзірленіп, сол жоспарға сәйкес жұмыстар жүргізілуде. Білім бөлімі бұйрығы бойынша қордағы барлық оқулықтар оқушыларға таратылды. Жеткіліксіз оқулықтар уақытша басқа мектептерден жалға алынып, пайдалану ұйымдастырылды.

Қыркүйек айында даярлық тобы мен 1-сынып оқушыларын кітапханамен таныстыру мақсатында «Кітапханаға саяхат» іс-шарасы ұйымдастырылды. Бұл шара барысында оқушылар кітапхана ережелерімен танысып, алғашқы көркем әдебиеттерін қолдарына алды. **5 қыркүйек 2024 жылы «Тілім менің – тірегім»** атты кітап көрмесі ұйымдастырылды. Бұл көрмеде оқушыларға қазақ тілінің маңыздылығын көрсететін әдебиеттер мен тіл тарихына арналған кітаптар ұсынылды. Іс-шара барысында оқушылар ана тілдің байлығын насихаттау мақсатында өлеңдер оқып, шығармалармен танысты. 6-8 сынып оқушылары арасында «Менің сүйікті кітабым» атты сайыс өткізілді. Сайыс барысында әр оқушы өз сүйікті кітабын таныстырып, оның мазмұны мен негізгі идеясын түсіндірді. Шараның мақсаты – оқушылардың кітапқа деген қызығушылығын арттыру және оқу мәдениетін қалыптастыру. Жеңімпаздарға арнайы алғыс хаттар мен шағын сыйлықтар табысталды. **Ә.Қастеевтің 120 жылдығына арналған танымдық сағаты** Қыркүйек айында 5-7 сынып оқушыларымен қазақтың әйгілі суретшісі Әбілхан Қастеевтің 120 жылдығына арналған танымдық сағат өткізілді. Іс-шара барысында оқушылар суретшінің өмірі мен шығармашылығымен танысып, оның қазақ өнеріндегі орнын түсінді. Танымдық сағат барысында оқушыларға Ә.Қастеевтің еңбектері мен суреттері көрсетіліп, оның көркем өнерге қосқан үлесі кеңінен талқыланды. Бұл іс-шаралар оқушылардың шығармашылық қабілеттерін арттыруға, өнер мен әдебиетке деген сүйіспеншілігін оятуға бағытталды.

Қазан айында кітапханада бірнеше маңызды мәдени және тәрбиелік іс-шаралар ұйымдастырылды. **«Бір ел – бір кітап» акциясы:** Қазан айында «Бір ел – бір кітап» акциясы аясында қазақ әдебиетінің көрнекті өкілі Б.Соқпақбаевтың 100 жылдығына арналған әдеби кеш өткізілді. Шара барысында жазушының шығармалары талқыланып, оқушылар арасында викториналық ойындар ұйымдастырылды. **Ә.Нұрпейісовтің 100 жылдығы:** Ә.Нұрпейісовтің 100

жылдығына орай 9-сынып оқушыларымен арнайы тәрбие сағаты өткізілді. Іс-шарада жазушының өмірі мен шығармалары талқыланып, оның қазақ әдебиетіне қосқан үлесі туралы мәліметтер берілді. Оқушылар «Қан мен тер» трилогиясы мен басқа да еңбектері бойынша өз ойларымен бөлісті. **20 ғасырдағы қазақ әдебиетінің классиктеріне арналған көрме:** 20 ғасырдағы қазақ әдебиетінің көрнекті өкілдері Б.Майлин, І.Жансүгіров, С.Сейфуллиннің 130 жылдығына арналған кітап көрмесі ұйымдастырылып, библиографиялық шолу жасалды. Шара барысында оқушыларға акын-жазушылардың шығармалары мен олардың әдебиеттегі орны туралы ақпарат берілді. **Рәміздер көрмесі:** Қазан айында «Рәміздерім – мақтанышым» атты кітап көрмесі ұйымдастырылып өткізілді. Бұл көрме оқушылардың мемлекеттік рәміздерге деген құрметін арттыру мақсатында ұйымдастырылды. Көрмеде Ту, Елтаңба, Әнұран тарихы мен олардың маңызы туралы мәліметтер ұсынылды. Бұл іс-шаралар оқушылардың қазақ әдебиеті мен мәдениетіне деген қызығушылығын арттырып, патриоттық тәрбиесін күшейтуге бағытталды.

Қараша айында кітап қорын тексеру және жаңарту мақсатында арнайы комиссия құрылды. Кітапхана қорына инвентаризация жүргізіліп, кітаптар саны мен жағдайы есепке алынды:

- Жалпы кітап қоры: **20 516** дана.
    - Оқулықтар саны: **18 223** дана.
    - Көркем әдебиет: **1 089** дана.
    - Әдістемеліктер: **433** дана.
    - Электрондық оқулықтар: **646** дана.
    - Анықтамалықтар: **83** дана.
    - Сөздіктер: **42** дана.
    - Жарамсыз деп танылып, есептен шығарылған оқулықтар: **389** дана.
- Сонымен қатар, кітапхана қоры **2 146** дана жаңа оқулықтармен және **297** дана көркем әдебиетпен толықтырылды.

Желтоқсан айында бірнеше маңызды іс-шаралар өткізілді:

1. Тәуелсіздік мерекесіне орай көрме ұйымдастырылды. Бұл көрмеде егемен елдің жетістіктері мен тарихына арналған кітаптар оқушылар назарына ұсынылды.
2. «Зорлық-зомбылыққа қарсымыз» акциясы аясында оқушылар мен ата-аналар арасында сұхбаттар мен кездесулер өткізілді. Бұл шара қоғамдағы әлеуметтік мәселелерге назар аударуды мақсат етті.
3. «Отбасымызбен оқимыз» атты жоба аясында ата-аналар мен балалар бірлесе отырып кітап оқуды талқылады.

**Жобалар қорытындысы:**

- «Оқуға құштар мектеп» жобасына **3 педагог және 8 оқушы** тіркелді.

- 12 желтоқсанда Аленова Гүлімхан апайдың «Оқуға құштар жанмын» атты жеке жобасының қорытынды іс-шарасы өтті. Бұл шараға қатысушылар өздерінің оқуға деген құштарлықтарын танытып, белсенділік көрсетті.
- 11 "А" сынып оқушысы Еркебай Рухия шығармашылық байқауда жеңіске жетіп, бас жүлдеге телефон сыйлығын иемденді.

**Қаңтар айында** «Каникулда кітап оқимыз» марафонына мектебіміздің оқушылары қатысып, жүлделі орындарға ие болды.

**Ақпан айында:** «Кітапханаға кітап сыйла» акциясы аясында оқырмандар кітапханаға 80 дана кітап сыйлады.

**Наурыз айында** Жоғары сыныптың үздік оқырмандары 1-сынып оқушыларына «Әжемнің ертегілері» тақырыбында оқу сағатын өткізді.

**Сәуір айында** 2 сәуір – Халықаралық балалар кітабы күніне орай көрме ұйымдастырылып, шығармашылық байқау өткізілді. 23 сәуір – Ұлттық кітап күніне байланысты әдеби іс-шара ұйымдастырылды. Сонымен қатар, «Каникулда кітап оқимыз» марафонының II турына әсіресе бастауыш сынып оқушылары белсене қатысып, жүлделі орындарға ие болды.

**Мамыр айында** Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 80 жылдығына орай «Ұмытылмас ұлы Жеңіс» тақырыбында көрме ұйымдастырылып, әдеби шығармашылық конкурс өткізілді. 12–15 мамыр аралығында «Халықаралық отбасы күні» және «Аналар күні» мерекелеріне орай мәнерлеп оқу байқауы ұйымдастырылды. Сонымен қатар, «Бір отбасы – бір кітап» тақырыбында ата-аналардың қатысуымен әңгіме-сұхбат жүргізілді.

Оқушылардың жазғы демалыс уақыттарын тиімді өткізу мақсатында әр сыныпқа жас ерекшеліктеріне сай көркем әдебиеттер тізімі және қарауға ұсынылатын отандық әрі шетелдік фильмдердің тізімі сараланып, оқушыларға ұсынылды.

Жыл бойы мектеп кітапханасында өткізілген түрлі танымдық және тәрбиелік іс-шаралар оқушылардың кітап оқуға деген қызығушылығын арттырып, шығармашылық қабілеттерін дамытуға ықпал етті. Кітапхана ұжымы мен оқушылардың бірлесе атқарған жұмысы оқушылардың оқу мәдениетін дамытуға оң ықпал етіп, жоспарланған іс-шаралар толығымен жүзеге асырылды. Бұл жұмыстар алдағы уақытта да жалғасын табады.

Білім алушылар мен мұғалімдер қосымша қажет материалдарын алып отырады. 2024-2025 оқу жылы аралығында кітапхана қоры жаңадан 2164 дана оқулықпен және 171 дана көркем әдебиетпен қамтылды. Сонымен қатар «Кітапханаға кітап сыйла» акциясы аясында кітапханаға оқырмандар 100 ден аса көркем әдебиет сыйлады.

Мектепте білім алушылардың жалпы саны 1108 оқушы, білім алушылар толығымен оқулықпен қамтамасыз етілді. Бірінші кезекте мектептегі статуска ие, көп балалы отбасынан шыққан оқушылар оқулықпен қамтылды. Аталған топқа жататын оқушылардың барлығы 100% оқулықпен қамтамасыз етілген.

Мектеп кітапханасының материалдық-техникалық базасы

**« Кітапханадағы оқулықтар жайлы мәлімет»**

1. Мектеп кітапханасы: 1
2. Кітаптар саны ( мектеп оқулықтары, көркем әдебиет кітаптар, журналдарды қосқанда) жалпы: 20516
3. Оның ішіндегі мектеп оқулықтар: 18223
4. Көркем әдебиет: 1089
5. Жаңа буын оқулықтар: 18223
6. Қордың өсімі: 2146
7. Қазақ тіліндегі оқулықтар саны: 7802
8. Өзбек тілі оқулықтар саны:
9. Оқырман саны: 820
- 10.Кітапханаға оқырман келуі: 9940
- 11.Кітап берілімі: 14540
- 12.Кітапханашылар саны:2
- 13.Кітапхананың білімі бар кітапханашының саны: 2
- 14.Оқу залы: кв.м
- 15.Оқу залы отыратын орны: 22
16. Кітапхана көлемі: 99,6 кв.м

№	Кітаптар атауы	Айдың басындағы қалдық		Кіріс		Шығыс		Жалпы	
		Саны	Соммасы	Саны	Соммасы	Саны	Соммасы	Саны	Соммасы
1	Жалпы кітап қоры	18370	36765605	2535	9248644	389	773640	20516	45240609
2	Көркем әдебиет	918	965687	171	709646			1089	1675333
3	Электронды оқулықтар	402	956989	244	6066906			646	1563679
5	Оқулықтар	17050	34842929	2164	7889758	389	773640	18223	42001597
6	Дәптерлер								
	Барлығы:	18370	36765605	2535	9248644	389	773640	20516	45240609